ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттәшұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ӘОЖ 94(4/9)

## АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Мырзабекова Р.С.**

Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ, Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы,
т.ғ.к., доцент.

**Аңдатпа.** Батыс Еуропадағы жоғары білім саясатының қалыптасу және даму үрдістерін, сонымен қатар, Қазақстанның білім беру саясатының ерекшеліктерін қарастыру және қазіргі уақытта Батыс Еуропа мен Қазақстандағы жоғары білім беру саясатының жүзеге асырылуын салыстырмалы түрде зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Бұл қатынаста Ұлыбритания, Германия және Франция сияқты батысеуропалық елдердің тәжірибесі ерекше қызық болып табылады және екі себеппен түсіндіріледі. Біріншіден, бұл елдер қазіргі уақытқа дейін қалыптастырылған негізгі жоғары білім беру модельдерін, атап айтқанда, англосаксондық (Ұлыбритания) және континентальді (Германия мен Франция) құрайды. Екіншіден, дәл осы мемлекеттер (Италияның қолдауымен) біртұтас еуропалық білім кеңістігін құруға ниет білдірген. Ең басында экономикалық интеграцияға үміт артқан олар, бастапқы саналы түрде түсіну кезеңінен жоғары білім жүйесінің мақсатты, мазмұнды, ұйымдық әрі әлеуметтік нұсқауларын жаңарту деңгейіне жетіп, аталмыш мемлекеттер жоғары білім саясатын қалыптастыруда бірегей тәжірибе жинақтағаны анық. Сол себепті мақалада осы мемлекеттер салыстыру объектісі ретінде алынып, олардағы толыққанды тарихи және уақыт контекстіндегі өзгерістер мен ерекшеліктері Қазақстанға үлгі ретінде негізге алынады. Осыған орай, жоғары білімді бастапқы пайда болу кезеңінен, яғни университеттің қалыптасуынан қарастыру қажет. Университет таза еуропалық құбылыс, еуропалық өрекениеттің азығы мен жетістігі ретінде жалпы еуропалық мәдениеттің жемісі әрі оның «уақытсыз және транснационалды мәнімен» мәдени символы болып табылады [1].
**Түйін сөздер:** Валенсия, Кембридж, Неаполь, Тулуза, Оксфорд, Париж, Севилья, Еуропа, университет

## ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПЕРВЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ В ЕВРОПЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ

**Мырзабекова Р.С.**

к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, кафедра Всемирной истории, историографии и источниковедения.

**Аннотация.** Исследование процесса формирования и развития политики высшего образования в Западной Европе, а также политика Казахстана в сфере образования в контексте ее осуществления является актуальной. В этой связи необходимо отметить, что опыт западноевропейских государств таких как Великобритания, Германия и Франция является чрезвычайно важным по двум причинам. Во первых, эти государства в настоящее время сумели сформировать модели высшего образования, в частности, англосаксонскую (Великобритания) и континентальную (Германия и Франция). Во вторых, именно эти государства (при поддержке Италии) стремились создать единое европейское образовательное пространство. В начале придав огромное значение экономической интеграции, европейские государства преодолев все ступени интеграции пережили период осознания и понимания о необходимости сформировать единую систему

высшего образования, сумели в этом направлении добиться реальных результатов. По этой причине в данной статье названные европейские государства рассматриваются как объект сравнительного анализа. Изменения и особенности процесса сформирования единой европейской системы высшего образования, которые имели место в историческом и временном контексте могут служит примером для Казахстана. Именно по этому следует исследовать возникновения высшего образования, с момента сформирования университетов в Западной Европе. Университет является чисто европейским явлением, также как продукт и достижение общеевропейской культуры и ее «бессрочным и транснациональным значением» университет является символом европейской культуры.
**Ключевые слова:** Университет, Европа, Оксфорд, Париж, Севилья, Тулуза, Неаполь, Кембридж, Валенсия.

## EMERGENCE OF FIRST UNIVERSITIES IN EUROPE AND ITS PECULIARITIES

**Myrzabekova R.S.**

Candidate of Historical Sciences, Acting Professor al-Farabi Kazakh National University, Department of the World History, Historiography and Source Studies.

**Abstract**. The study of the formation and development of higher education policy in Western Europe, as well as the policy of Kazakhstan in the field of education in the context of its implementation is relevant. In this regard, it should be noted that the experience of Western European countries such as Great Britain, Germany and France is extremely important for two reasons.Firstly, these states have now managed to form models of higher education, in particular, Anglo-Saxon (Great Britain) and continental (Germany and France).Secondly, these countries (with the support of Italy) sought to create a single European educational space.At the beginning of attaching great importance to economic integration, the European countries, having overcome all levels of integration, experienced a period of awareness and understanding about the need to form a unified system of higher education, and were able to achieve real results in this direction. For this reason, in this article, the named European states are considered as an object of comparative analysis.Changes and peculiarities of the process of forming a single European system of higher education, which took place in the historical and temporal context, can serve as an example for Kazakhstan. That is why the emergence of higher education should be investigated, since the formation of universities in Western Europe. The university is a purely European phenomenon, as well as the product and achievement of European culture and its “perpetual and transnational meaning” the university is a symbol of European culture.
**Keywords:** University, Europe, Oxford, Paris, Seville, Toulouse, Naples, Cambridge, Valencia.

### Кіріспе

Жоғары білім қоғам өмірінің ең маңызды және стратегиялық бөлігі. Университет үнемі қоғамға әсер етеді, сонымен бірге қоғам да білімге маңызды ықпалын тигізеді. Қазіргі социумда жүзеге асып отырған сапалық өзгерістер мәдениетке, саясатқа байланысты білім рөлінің нақтылануын талап етеді. XXI ғасырдың басындағы адамзат қоғамының сипаты және даму бағыттары ғаламдық масштабтағы құбылыстармен айқындалып отыр. Бұл шарттарды орындау үшін Қазақстан ең алдымен Батыс Еуропа тәжірибесіне сүйенуі маңызды. Себебі, бір жағынан дәл осы мемлекеттерде жоғары білім саясаты алғаш қалыптасты және екіншіден, Батыс Еуропа елдері қазіргі заман талабына сай әлемдік жоғары білім жүйесін құруға ниет білдіргендердің алғашқысы болды. Қазіргі заманда, адамзат мәдениетінің кеңістігінде университет рөлінің мәнін

түсіну үшін университеттік идеяның қалыптасу және даму тарихына көз жүгірту қажет. Себебі, университет идеясына оның миссиясы салынған. Кеннет Р. Минот айтып өткендей, «...университеттерді бір ғана өлшемнің көзқарасымен сипаттауға тырысу терең қателікке апарады. Біз бір жағынан әртүрлі университеттер арасында, екінші жағынан, қоғам мен мәдениет арасындағы қарым-қатынастардың тәсілдерін  және олардың институционалдық құрылымын, университеттердің негізі қалануының тарихи жағдайларын да есепке алуымыз керек» [2].

**Талқылау**

Университеттік білімнің қалыптасуы, оның себептері мен даму барысы Қайта өркендеу заманынан бері аса маңызды қызығушылық тудыратын тақырыптардың бірі. Университеттік білім беру теориясы алғаш университеттердің қалыптасу уақытында қалыптаса бастады. Либералды және утилитарлы білім берудің жақтастары оның әлеуметтік маңыздылығын әртүрлі қарастырды. Тек XIX ғасырға қарай теорияларда рухани және тәжірибелік университет миссиялары біріктірілді. «Идеалды университетті» зерттеудің методологиялық негіздерін И.Кант [3], Г.Гегель [4], И.Г.Фихте, В.фон Гумбольдт [5], Г.Зиммель [6], Х.Ортега-и-Гассет [7] қалаған болатын. Жоғары білім беруді әлеуметтану көзқарастары бойынша XIX-XX ғасырлар аралығында қарастырған Э.Дюркгейм [8] және Л.Уордтың еңбектерін жатқызуға болады. А.Вебер [9], М.Вебер [10], Д.Дьюи [11], К.Маннгейм [12], В.Гумбольдт, П.Сорокин, М.Шелер [13] еңбектерінде жоғары білім берудің әлеуметтік-мәдени ортадағы өзгерістеріне қатысты жоғары білім мен қоғам арасындағы қарым-қатынастар анықталды. Осылайша, А.Вебер XX ғасырдың ортасындағы әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің ықпалымен классикалық Гумбольдт моделінің өзгерісіне талдау жасады. П.Сорокин өз жұмыстарында жоғары білімді әлеуметтік мобильділіктің бір тармағы ретінде қарап, оның алуан түрлі әлеуметтік-мәдени жағдайларда қызмет етуіне, эмпирикалық сипаттарына тоқталып өтеді.

XX ғасырдың ортасынан бастап университеттік білімді зерттеу жалпы әлеуметтану теориясының бір бөлігіне айналады. Жоғары білімнің әлеуметтік дамудың негізгі факторы ретінде қарастырылуы, оның постиндустриалды қоғамның тенденцияларының ықпалынан өзгеруі, университеттің қоғамдық институттардың ең бастыларының біріне айналуы туралы мәселелер Д.Белл [14], Э.Тоффлер [15] зерттеулерінде көрініс табады.

XX-XXI ғасырлар аралығында Д.Бок [16], П.Скотт [17] еңбектері жарық көреді. Олар жоғары білімнің қазіргі ақпараттану және жаһандану процестеріне қатысты өзгерістеріне және заман талабына сай дәстүрлі университеттердің оларға қарай бейімделуі сияқты мәселелерді қарастырған. Осы бір кезеңде, яғни 90-жылдар мен XXI ғасырдың басында бір топ шет елдік ғалымдардың қатысуымен төрт томдық «Еуропадағы университеттер тарихы» (A History of the University in Europe) [18] атты үлкен еңбек жарыққа шықты. Бұл еңбектің шығарылуына Эдвард Грант, Хастинг Рашдал, Кристоф Мейнер атсалысты. Төрт томдық бұл еңбекте Еуропадағы университеттік білімнің пайда болуынан бастап Болон процесіне дейінгі дамуы сипатталады.

**Деректері**

Деректер қатарына Болонья мен Париж университеттерінің ережелері, папа буллалары, билеушілердің университеттерге берген заңды рұқсатнамалары, оқытушыларға берілген лицензиялар, сонымен қатар, сол уақыттағы студенттер мен оқытушылардың өзара алмасқан хаттарын жатқызуға болады. Деректердің келесі тобына Болон процесіне қатысты құжаттарды, яғни, Сарбон декларациясы, Болон декларациясы, Берлин, және Лондон қаулыларын жатқызамыз.

**Әдістері**

Зерттеу барысында синтез әдісі қолданылып, қарастырылып отырған мәселені жан-жақты зерттеуге жағдай жасады. Себебі, жоғары білім саясаты тарих ғылымынан басқа педагогика, саясаттану, әлеуметтану, экономика пәндерінің зерттеу аясында да орын алады. Сонымен қатар, тарихи тәсіл мемлекеттердің жоғары білім саясатын жалпы тарихи және жалпы саяси үрдістер контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ал социомәдени анализ көмегімен мемлекеттердің білім саясатын мәдени құндылықтар мен дәстүрлер позициясынан зерттеу жүргізілді. Контент-анализ әдісі жоғары білім мәселелерін регламенттеуші құжаттардың көп мөлшерін сараптауға мүмкіндік береді.

**Нәтижесі**

Еуропадағы университеттер XII және XIII ғасылар аралығында пайда болғанында күмән жоқ. Бұл тұжырымды алдымен бүкіл Еуропаға, кейін күллі әлемге тараған университет моделінің бастауы деп қарастырамыз.

Ортағасырлық университеттердің қалыптасуы ортағасырлық өмірдің барлық факторларына сүйенді. Олар шіркеумен байланысты болды. Себебі, университеттер өздерінің негізгі басшысы ретінде папаны мойындады. Одан әрі университеттің пайда болуына серпіліс берген шіркеу мектептері болды. Ал діни факультеттер шіркеу ілімінің орталығына айналды. Өзінің колллегиалды құрылымы жағынан университет күшейіп келе жатқан мемлекеттің қуатты сүйеніш құралына айналып, осының көмегімен билік кейіннен білімділікке ие болады. «Хроникаларды қарасаң, Оксфордта шайқас болғанда, бірнеше айдан соң бүкіл Англияда дау болғанын көресің» деген Оксфордан шыққан мына бір нақыл сөз қоғам өміріндегі университеттердің орнын көрсетеді[19]. Университеттер бүкіл христиан әлемінде мойындалатын дәрежелерді тарата отырып, әртүрлі еуропалық халықтар арасындағы ақыл-ой қатынастарын дамытты және мәдениеттің дамуына әсерін тигізе алды.

XII ғасыр Еуропа тарихындағы маңызды меже болып табылады. Бұл уақытта бірқатар алдыңғы қатарлы мемлекеттерде ауыл шаруашылығынан қолөнердің бөлінісі орын алған болатын. Қарқынды дамыған қалаларда техникалық жетістіктер орын алып, тауар өндірісі мен ақша айналымы қалыптасады [20].

Осы ретте Батыс Еуропадағы университеттік білімнің дамуының алғышарттарына мұсылмандық медреселердің де ықпалын айтып өткен жөн. Ағылшын зерттеушісі Монтгомери Уотт «1100 жылдан шамамен 1350 жылдар аралығында еуропалықтар мәдени және интеллектуалды жағынан арабтардан кем болғанын» айтып, бұл мәселеге өзіндік бағасын береді [21]. Американдық ғалым С. Кобб XX ғасырда ислам өркениетінің әлемдегі үлесін зерттеуді тарихтағы «аңтаңдақ» деп атап, «Исламның батыс білім беру жүйесі мен өркениетіне әсері зерттелмеген. Бұл батыс дамуына жасаған ислам мәдениетінің позитивті үлесін бағалауға кедергі келтіріп отыр» дегені мәлім [22].

Еуропа жеріне ислам мәдениетінің ерекшеліктері Испания арқылы енді. «Ислам мәдениетінің алдында өз шарықтау шегіне жету үлесі тұрды. Алайда, ол Азияда немесе Африкада да емес, Еуропалық Испанияда жүзеге асты»,-деген болатын Георг Макдиши [23]. Испания арқылы мұсылмандық мәдениет Италияға жетті. Мысалы, еуропадағы ең көне жоғарғы мектеп Италиядағы Салерно университеті ислам медресесінің әсер етуімен пайда болды. Болоньядағы, Париждегі, Монпольедегі және Оксфордтағы жоғарғы мектептер XII ғасырдан кейін, яғни ислам медреселерінен кейін көптеген ғасырлардан соң құрылды [24].

XII ғасырда қалалар мен мемлекетке білімді адамдар көптеп қажет бола бастады. Соттар мен шенеуніктер, дәрігерлер мен мұғалімдер қажеттілігі туындады. Мектептерден өскен жаңа түрдегі мекемелер құрыла бастайды. Бұл мекемелер университеттер болатын. [25].

Севилья, Париж, Тулуза, Неаполь, Кембридж, Оксфорд, Валенсия, Болонья университеттерінің негізі XII-XIII ғасырларда қаланды. Упсала, Копенгаген, Росток, Орлеан университетері XIV-XV ғасырларда пайда болды. Осылайша, еуропалық университеттің қалыптасу кезеңдері туралы айтқанда, ол төменгі, бастапқы деңгейдегі мектептердің, яғни монастырьлық мектептер, соборлық мектептер, капитуляр мектептері мен қала мектептерінің, яғни жергілікті биліктің (шіркеулік немесе зайырлы билік) мүддесіне негізделіп құрылған оқу орындарының тікелей жалғасы ретінде пайда болды,-деуге болады [26].

Рим империясы кезінде Пестан бұғазының түбіндегі Салерн қалашығы өзіндік демалыс орны болған. IX ғасырда ол лангобардтар корольдігінің астанасы болып, XI ғасырдан бастап норман герцогы Робер Гюискардың резиденциясына айналды. 820 жылы қала қаржатымен салынған госпиталь негізінде Батыс Еуропадағы ең алғашқы азаматтық аурухананың негізі қаланды. Осы ауруханадан бастама алған Салерно медициналық мектебі білім берудің ірі ошақтарының бірі ретінде 1812 жылға дейін белгілі болған. Университетте Гален мен Гиппократтың физиологиясы мен ағзаға физикалық әсер ету идеяларының негізі оқытылды [27].

Бұл уақытта қаланың жаңа түрі феодалдық қалалар пайда болып, өзгерістер Еуропада түбегейлі мағынаға ие болды. Сауда мен қолөнер құқықтық негізделуге мұқтаж болды. Феодалдық қалада сауда және меншік құқығы дамытылды, жеке меншік түсінігі айқын тұжырымдалды, тауар-ақша шаруашылығына сәйкес келетін құқықтық жүйе пайда болды. Рим құқығының «қайта жаңғыртылуына» және өз саяси әрекеттерін ақтау мен қорғау үшін король билігі де құқықтың дамуына мүдделілігін білдірді. Мысалы, XI ғасырдың аяғында Болонья қаласында рим құқығының білгірі Ирнерий заң білімінің мектебін қалыптастырды. Уақыт өте келе бұл мектеп Болонья университетіне айналды [28].

Болонья мектебінің маңызының артуы XII ғасырдың ортасынан басталады. 1158 жылы герман императоры Фридрих Барбаросса Ломбардияның ең бай қалаларының бірі Милан қаласын жаулап алып, Ронкаль алаңында солтүстік Италия қалаларын басқарудың жаңа тәртібін енгізу мақсатымен сейм шақырады. Сеймде Болон профессорларының құқықтық қолдауына алғыс ретінде Фридрих Барбаросса заң шығарды. Заң бойынша Болон школярлары салық төлеуден және қала соттарына бағынудан босатылды [29]. Фридрих Барбаросса берген бұл артықшылықтар тыңдаушылар қатарын арттыра түсті. Замандастарының көрсетуі бойынша, XIII ғасырдың басында Болоньяда бүкіл Еуропадан келген 10 мың адам оқыды [30].

Бірлесудің келесі түрі Париж университетінен байқалды. Париж университеті, шіркеу мекемелерімен байланыста және шіркеу билігінің қолдауымен пайда болды. Магистраттар қауымдастығы оқытушылардан құрылып, ішкі құрылымында демократиялық сипаты әлсіз болды [31]. Жаңа университет қарқынды дамыды. Біртіндеп басқа факультеттермен бірігу жүзеге асты. Діни және зайырлы билік арасындағы күресте университет қуаты арта бастады. Университет негізінің қалану уақыты университетті зайырлы билікке бағынудан босатқан III Инокентий папаның булласы мен француз королінің жарлығы шыққан 1200 жыл деп белгілейді. Университет автономиясы Папа булласымен 1209, 1212, 1231 жылдары бекітілді [32] .

Осылайша, Еуропа университеттері екі негізгі жолмен дамыды. Біріншісі, schola externa-ны кеңейтуге және оны дербес мекемеге айналдыруға негізделді. Екінші жолы басқа мекемелерді негізгі мекемеге қосты. Университеттердің дауындағы үшінші жол ортағасырлық университеттің ұйымдастырылу ерекшелігінен туындады. Universitas – білім алу мақсатында жиналған адамдардың ерікті бірлесуі болғандықтан, адамдар осы ұйымның негізгі өзегі болды. Мысалы, бір университет жаңа келесі университеттің қалыптасуына ықпал етіп отырды. Мысалы, Болон университетінің 1222 жылғы көші-қоны Падуан университетінің қалыптасуына алып келді. Оксфорд – 1209 жылы Кембридждің негізін қалауға себепші болды. Батыс Еуропада кейіннен бой көтерген басқа университеттер де болондық университеттің немесе париждік университеттің типі

бойынша ұйымдастырылып, курстар, ғылыми дәрежелер, тексерулер т.б. мәселелерде өзінен бұрын қалыптасқан университеттерді қайталап отырды. Болон университетінің үлгісі бойынша көбіне Италия, Испания және Оңтүстік Францияның жоғарғы мектептері құрылады. Париж университеті Англия мен Германияның жоғары оқу орындарына үлгі болды.

XIII ғасыр мен XV ғасыр аралығында Париж университетінің тікелей әсерімен пайда болған 31 университет болды. Кейбір Италья университеттерінде (Пиза, Флоренция, Павия) билік студенттер, оқытушылар және муниципалды билік арасында бөлінді. Студенттердің басқаруға атсалысуы бірқатар испандық университеттерде бекітілді. Бірнеше оңтүстік француз университеттерінде (Монпелье, Анжер, Орлеан) студенттер шіркеу билігіне қарсы күресте профессурамен одақтаса әрекет етті [33].

XIV-XV ғасырда коллегиялар (осыдан колледждер шыққан) пайда болады. Француз королінің діни қызметкері Робер де Сарбон негізін қалаған Сарбон коллегиясы уақыт өте келе дамып, бүкіл Париж университетіне өз атауын берді [34]. XV ғасырдың аяғында Еуропада 86 университеттің негізі қаланды [35]. Университеттер көптеген айырмашылықтарына қарамастан ұқсас ұйымдастыру қағидалары, біркелкіленген талаптары мен деңгейлер иерархиясы, біртипті бағдарламалары бар біртұтас жүйе ретінде қалыптасты [36].

